



Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!

ҚАЗАҚ ОДЕБЬМЕТІ

Қазақстан
жазушылары Одағы
басқармасының газеті

№ 22 (126).

ЖҰМА, 31 МАЙ 1957 жыл.

Бағасы 40 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Б. П. Коротков. — Ильич және балалар (1 бет).

Социалистік реализм туы астында (2 бет).

Қ. Құттыбаев. — Қыршын кеткен талант (3 бет).

Б. Майлин. — Шұғаның белгісі (4 бет).

Күләш БӘЙСЕИТОВА

Қазақ искусствосы ауыр қазаға ұшырады — сахналық искусствоның аса көрнекті шебері, Совет Одағының халық артисткасы, КПСС мүшесі, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Сталиндік сыйлықтың екі рет лауреаты, Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық опера және балет театрының бас солисткасы Күләш Бәйсеитова мезгілсіз қайтыс болды.

Күләш Бәйсеитова 1912 жылы Алматы қаласында кедей-қолөнерші семьясында туды. Ол өзінің сахналық қызметін 1930 жылы қазақтың тұңғыш музыкалық-драма театрының артисткасы болудан бастады. Ол бұл театрды құруға бәлсене қатысқан болатын. 1934 жылдан бастап өз өмірінің соңғы күндеріне дейін ол опера театрының солисткасы болды.

Өзінің қысқа өмірінің ішінде Күләш қазақтың опералық сахнасын байытқан көптеген рольдерді, оның ішінде: «Жалбыр» операсындағы Қадиша, «Абай» операсындағы Ажар, «Ертарғын» операсындағы Ақжүніс, «Бекет» операсындағы Зере, «Біржан-Сара» операсындағы Сара, «Дайси» операсындағы Маро

рольдерін ойнады. Үлкен талант иесі Күләш халыққа әйгілі ару Қыз Жібектің ұмытылмас образын жасады. Күләш Чайковскийдің «Евгений Онегин» операсындағы Пушкиннің Татьянасын және Пуччинидің «Чио-Чио-сан» операсындағы Баттерфлайді қазақ сахнасына тұңғыш рет шығарды.

Театр искусствосының халық өнері тудырған тамаша шебері Күләш Советтік Қазақстанның социалистік мәдениетін дамытуға теңдесі жоқ талантымен зор үлес қосты.



Партия мен үкіметтің мәдениетті дамыту жөніндегі орасан зор қамқорлығының арқасында Күләш Бәйсеитова совет искусствосының аса көрнекті қайраткері болып өсті. Ол халықтың шын сүйіспеншілігіне бөленіп, «Қазақстан бұлбұлы» атанды.

Өзінің сахналық қызметімен бірге Күләш операның жаңа кадрларын тәрбиелеу жөнінде тынбастан еңбек етті, өзінің вокалдық-сахналық бай тәжірибесін жас ұрпаққа үздіксіз үйретіп отырды.

Күләш Бәйсеитова талантты актриса ғана емес, сонымен бірге белгілі қоғам қайраткері де болды. 1938 жылы ол Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты болып сайланды және содан бері үнемі халықтың адал қызметшісі болып келді. Ол екінші сайланған Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі, бейбітшілікті қорғаудың Советтік Комитетінің мүшесі болды.

Советтік искусство саласындағы аса көрнекті қызметі үшін оған Совет Одағының халық артисткасы деген жоғары атақ берілді. Совет үкіметі Күләш Бәйсеитованың еңбектерін жоғары бағалап, оны Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен наградтады.

Дарынды өнерпаз, қоғам қайраткері, сүйкімді жан, сүйікті жолдасымыз қымбатты Күләштің жарқын бейнесі халықтың жүрегінде ұзақ сақталады.

И. Д. Яковлев, Д. А. Ко-
наев, Ж. А. Тәшенов,
Н. И. Журин, Ф. К. Ка-
рібжанов, И. Т. Тәжиев,
Н. Д. Жандильдин, Қ. И.
Сәтпаев, Б. Б. Бейсебаев,
С. Ф. Николаев, В. В. Гу-
бин, Н. В. Дыхнов, Л. Г.
Мельников, М. И. Горбу-
нов, Т. Т. Тәжібаев, К. Н.
Крюкова, М. Ж. Бейсе-

нова, С. Бейсембаев, А. Т.
Иванов, Ә. Қ. Қанапин, А. С. Фе-
дулин, Б. Қосынов, Ж. Исмағұлов,
В. В. Шепелев, М. Әуезов, С. Мұ-
қанов, Ғ. Мүсрепов, И. Шухов,
Д. Снегин, Ғ. Мұстафин, Р. Жу-
мин, Қ. Жандарбеков, Қ. Қуаныш-
баев, Шара, Н. К. Куклина, А. И.
Круглыхина, Ш. Бейсекова, Е. Г.
Брусловский, Ж. Омарова, М. Тө-
лебаев, А. Жұбанов, Қ. Қожамья-
ров, В. М. Портнов, С. Қожамқу-
лов, Е. Өмірзақов және басқалар.

Қазақстан КП Орталық Комитетінен Қазақ ССР Министрлер Советінен

Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті және Қазақ ССР Министрлер Советі ССР Одағының халық артисткасы, Совет Одағы Коммунистік партиясының мүшесі, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, Сталиндік сыйлықтың екі рет

лауреаты, Абай атындағы қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театрының солисткасы **БӘЙСЕИТОВА** Күләштің 1957 жылғы 6 июнде кенет қайтыс болғанын қатты қайғырып хабарлайды.

ҚАЗАҚСТАН КП
ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ

ҚАЗАҚ ССР
МИНИСТРЛЕР СОВЕТІ

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумынан

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, ССР Одағының халық артисткасы, Сталиндік сыйлықтың екі рет лауреаты, Абай атындағы қазақ мемлекеттік

академиялық опера және балет театрының солисткасы **БӘЙСЕИТОВА** Күләштің қаза болғанын қатты қайғырып хабарлайды.

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІНІҢ ПРЕЗИДИУМЫ

Қазақстан жазушылар Одағы басқармасы, «Қазақ әдебиеті» газетінің, «Жұлдыз», «Советский Казахстан» журналдарының редакциялары Совет Одағы Коммунистік партиясының мүшесі, ССР Одағының халық артисткасы, Сталиндік сыйлықтың екі рет лауреаты, қазақ көркемөнерінің аса та-

лантты қайраткері, ұлттық сахна жұлдызы, совет операсының бұлбұлы

Күләш БӘЙСЕИТОВАНЫҢ

мезгілсіз дүние салғанына қатты қайғырып, марқұмның үй-ішіне, туған-туысқандарына көңіл айтады.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі ССР Одағының халық артисткасы

Күләш БӘЙСЕИТОВАНЫҢ

1957 жылғы 6 июнде мезгілсіз қайтыс болғанын

қатты қайғырып хабарлап, бүкіл ел сүйіктісі Күләштің үй-ішіне көңіл айтады.

Қазақ ССР Мәдениет министрлігі